

«Келісілді »

Атырау облысы дене
шынықтыру және спорт
басқарма басшысы

_____ Р. Ибрагимов

« _____ » _____ ЖЫЛ

«Бекітемін»

Атырау аймақтық дене тәрбиесі
және спортты дамыту орталығы
директоры

_____ С. Жекенов

« _____ » _____ ЖЫЛ

**Мектепке дейінгі мекемелердің 4-5 жастағы
тәрбиеленушілер арасындағы «Болашаққа – білімді, дені
сау ұрпақ» ұранымен облыстық спорттық-
интеллектуалдық эстафетасының**

ЕРЕЖЕСІ

Атырау, _____ ЖЫЛ

Мектепке дейінгі мекемелердің 4-5 жастағы тәрбиеленушілер арасындағы «Болашаққа – білімді, дені сау ұрпақ» ұранымен облыстық спорттық-интеллектуалдық эстафетасының

ЕРЕЖЕСІ

1. Мақсаты мен міндеттері

- балаларды спортқа тарту;
- салауатты өмір салтын насихаттау;
- зиянды әдеттерден спорт арқылы көңілін аудару;
- рухани жігерлілікке, адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеу;
- спорттық ізбасарларды қалыптастыру үшін дарынды ойыншыларды табу.

2. Басқару

2.1. Мектепке дейінгі мекемелердің 4-5 жастағы тәрбиеленушілер арасындағы «Болашаққа – білімді, дені сау ұрпақ» ұранымен облыстық спорттық-интеллектуалдық эстафетасы (бұдан әрі – Эстафета) дайындау мен өткізу - Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығына (бұдан әрі –Аймақтық орталық) жүктеледі.

2.2. Эстафетаны өткізуді тікелей басқару Ұйымдастыру комитеті бекіткен төрешілер алқасының құрамына жүктеледі.

2.3. Эстафетаның бірінші, екінші және үшінші кезеңдерін өткізу жауапкершілігі қалалық, аудандық білім бөлімдеріне жүктеледі.

3. Жарыс кезеңдері

2.1. Жарыс төрт кезеңде өткізіледі:

2.1.1. бірінші кезең – мектепішілік

2.1.2. екінші кезең – топтық

2.1.3. үшінші кезең – қалалық, аудандық

2.1.4. төртінші кезең - облыстық

4. Өткізу уақыты мен орны

Ойыншылардың жас топтары	Күн саны	Өткізілетін мерзімі	Өткізілетін орны
4-5 жас	2		Атырау

5. Қатысушылар және өткізілу тәртібі

4.1. Команда құрамында жоғарғы топтың 4-5 жастағы балабақша балалары қатысады. 6-ға толған балалар жіберілмейді.

Команда құрамы: 5 ұл, 5 қыз, өкіл-1, жаттықтырушы-1.

4.2. Жарысқа қатысушы барлық ойыншылар жарысқа қатысу және дайындық уақытында жазатайым оқиғадан сақтандырылуға міндеттелуі тиіс. Сақтандырылуға жауаптылар – қалалық, аудандық білім бөлімдерінің басшылары, жаттықтырушылар, дене тәрбиесінің мұғалімдері. Жарыс уақытында спортшылардың денсаулығы мен жол қауіпсіздігінің жауапкершілігі команда өкілдері мен жаттықтырушыларға жүктеледі.

Қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Команда құрамы бірдей спорттық формамен қатысуы тиіс;
- Барлық командаларға өздерінің жанкүйерлік үндеуін (лозунг), жанкүйерлер тобын дайындау;
- Қатысушының жеке карточкасында фотосы, балабақша директорының қолы мен мөрі, (3x4 фотосының шетіне де мөр соғылуы тиіс)туу туралы куәлігі (түпнұсқасы және көшірмесі) болуы тиіс;
- Өтініште өкіл мен білім бөлімі басшысының қолы мен мөрі, қатысушының дәрігерден өткен рұқсаты әр баланың тұсына қолы мен мөрі міндетті түрде болуы керек;
- Әрбір қатысушыға сақтандыру полисі.

4.3. Талапқа сай алдыңғы өткен жарыстың есебі Аймақтық орталықтың ұйымдастыру комитетіне тапсырылады.

6. Қаржы жағдайы

5.1. Жарыстың бірінші, екінші және үшінші кезеңдерінің барлық шығындары аудандық, қалалық ұйымдастыру комитеттерінің жауапкершілігіне жүктеледі.

5.2. Аймақтық орталыққа төртінші кезеңнің шығындары жүктеледі:

- төрешілер алқасына, дәрігерлік және қызмет көрсету персоналдың барлық шығындарын төлеу;
- медальдар, кубоктар, дипломдар, баннер;
- спорттық ғимараттарды жалға алу .

5.3. Спортшылар, жаттықтырушылар, төрешілер және команда өкілінің (жататын орны, тамағы, тәуліктік жол шығыны, бару, қайту жолы) шығыны іссапарға жіберуші мекемеге жүктеледі.

7. Марапаттау

6.1. Ақтық жарыстың облыстық кезеңінде 1, 2, 3 орын алған командаларға Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының кубоктарымен, медальдарымен және дипломдарымен марапатталады.

Байланыс телефондары:

- Аймақтық орталық – Атырау қаласы, Әйтеке би 22
- тел/факс: +7 (7122) 27-12-10
- электронды пошта: arcrfks_2002@mail.ru.

Мектепке дейінгі мекемелердің 4-5 жастағы тәрбиеленушілер арасындағы «Болашаққа – білімді, дені сау ұрпақ» ұранымен облыстық спорттық-интеллектуалдық эстафетасының

БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Эстафета

Спорттық – ұл бала 15 метр ара қашықтықта велосипедпен белгіге дейін барады, одан әрі кубиктерге дейін жүгіреді.

Интеллектуалдық – тапсырма бойынша жүгіріп келген әр қатысушы сандар

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

жазылған кубиктерді алып, гимнастикалық скамейкаға рет санымен қояды.

Спорттық – тапсырма кері қарай өзгеріссіз орындалып, эстафетаны қыз балаға береді.

2. Эстафета

Спорттық – екі команданың бірінші нөмірлі ұлдары допты алып, екі метр ара қашықтықта қойылған кеглилер арасымен жүгіріп өтіп, гимнастикалық шеңберге (обруч) добын қояды.

Интеллектуалдық – тапсырмаға сәйкес 10 – нан 1 –ге дейін сандары көрсетілген кубиктерді кері қарай жинайды.

6
7
8
9
10

1
2
3
4
5

Спорттық – тапсырма кері қарай өзгеріссіз орындалып, эстафетаны қыз балаға береді.

3. Эстафета

Спорттық – әр қатысушы матадан жасалған туннельдің ортасымен өтіп, допты қолдарына алып, гимнастикалық шеңберге допты қойып, сандар жазылған кубиктерге дейін жүгіріп барады.

Интеллектуалдық – тапсырмаға сәйкес қатысушы пластикалық тақталарда көрсетілген арифметикалық мысалдардың дұрыс жауабын сандық кубиктер арқылы табуы тиіс.

Спорттық – тапсырма кері қарай өзгеріссіз орындалып, эстафетаны қыз балаға береді.

4.Эстафета

Спорттық – ұл бала бір қатарда ара қашықтығы 2 метрден 5 жерде орналасқан гимнастикалық шеңберлерді (обруч) басынан аяғына дейін өткізіп, әріптер жазылған кубиктерге дейін жүгіріп барады.

2 м  2 м  2 м  2 м  2 м 

Интеллектуалдық – тапсырма бойынша берілген сөздің қажетті әрпін гимнастикалық скамейканың үстіне бір-бір кубиктен қояды.

Атырау, Астана, Родина, Мектеп, Машина, Достық, Радуга, Дәптер

Спорттық – тапсырма кері қарай өзгеріссіз орындалып, эстафетаны қыз балаға береді.

5. Эстафета

Спорттық – фитбол шарының үстіне отырып 5 метр қашықтықтағы белгіге дейін секіріп барып, жұмсақ ойыншықтарға қарай жүгіріп барады.

Интеллектуалдық – тапсырма бойынша жұмсақ ойыншықтардың арасынан бір үй жануарын немесе жабайы хайуанды алып, гимнастикалық скамейкаға қояды.

Спорттық – тапсырма кері қарай өзгеріссіз орындалып, эстафетаны қыз балаға береді.

6.Эстафета

Спорттық – командалар бір-бірінің қолынан ұстап, кеглидің арасымен кубиктерге дейін жүгіріп барады.

Интеллектуалдық – әр команда тапсырма бойынша 16 кубиктен квадрат жасайды.

Спорттық – тапсырма кері қарай өзгеріссіз орындалады.

Ескерту:Жарысқа 5 ұл, 5 қыз қатысады.

Әрбір команданың қолдау тобы (группа поддержки) болуы тиіс.

Спорттық-интеллектуалдық эстафетаның ережелерінің айыппұлдары

1. Спорттық-интеллектуалдық эстафета 10 баллдық шкала бойынша бағаланады, ойында әрбір қате үшін 1 баллдан алынады.
2. Әрбір команданың бірыңғай спорттық формасы болуы тиіс. Команда жанында эстафета кезінде өтінімде көрсетілген 1 өкіл, 1 жаттықтырушы спорттық формада болуы тиіс, ережені бұзғаны үшін ойын алаңынан шығарылады. Команда өкілі команда атауы көрсетілген штандартты қолдарында ұстайды. Осы шарттарды сақтамағаны үшін командадан 1 ұпай алынады.
3. Шағымдарды команда өкілі жазбаша түрде командасының ойыны аяқталғаннан кейін 15 минут ішінде бере алады.
4. Команданың ресми өкілінен басқа спорт алаңына немесе төрешілердің жанына бөгде адамдар келсе, әрбір бұзушылық үшін 1 ұпай алынады.
5. Команданың әрбір қатысушысының сақтандыру полисі болуы тиіс. Сақтандыру полисі болмаған жағдайда қатысушы ойынға жіберілмейді.
6. Эстафетаны беру старт сызығында эстафетаның кезекті қатысушысының қолымен тию арқылы беріледі, бұзғаны үшін 1 ұпай алынады.
7. Жарыстарға мектепке дейінгі мекемелердің 4-5 жастағы тәрбиеленушілері қатысады.

Қосымша № 1

Мектепке дейінгі мекемелердің 4-5 жастағы тәрбиеленушілер арасындағы «Болашаққа – білімді, дені сау ұрпақ» ұранымен облыстық спорттық-интеллектуалдық эстафетасына қатысу үшін берілетін ӨТІНІШ

Қала (аудан) _____

Балабақша атауы _____


р/с	Қатысушының аты - жөні	Туған жылы, айы, күні	Дене шынықтыру мұғалімі (А.Т.Ә.)	Дәрігерлер рұқсат етуі (қолы, мөрі)

М.О

Дәрігер _____
(А.Т.Ә. қолы, мөрі)

Білім беру бөлімінің меңгерушісі _____
(А.Т.Ә., қолы, мөрі)

« ___ » _____ 20__ ж.



**Мектепке дейінгі мекемелердің 4-5 жастағы
тәрбиеленушілер арасындағы «Болашаққа – білімді,
дені сау ұрпақ» ұранымен облыстық спорттық-
интеллектуалдық эстафетасына қатысушының
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**

М.О.

(балабақшаның мөрі фотосуреттің бұрышына басылады)

Балабақша атауы _____

Т.А.Ә. _____

Туған жылы, айы, күні _____

Балабақша директоры _____

(А.Т.Ә., қолы, мөрі)